

FTAMP 16.01.11

<https://doi.org/10.26577/EJPh202220266>

Ж.К. Ибраева¹, **А.М. Кустубаева¹**,
Г.С. Нәбиева^{1*}, **У.П. Риверс²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Америкалық кеңестердің зерттеу орталығы, Халықаралық білім беру бойынша

Америкалық кеңестер, Вашингтон, АҚШ

*e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com

КӨПТІЛДІЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі көптілділік жағдайында бірнеше тілдің өзара әрекеттесу тетіктерін, олардың меңгерілу және адам санасында өңделу ретін зерттеу ерекше өзектілікке ие болып отыр. Бүгінде көптілділікті тек әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретінде ғана емес, сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері мен тілдер арасындағы өзара ықпалдастыққа негізделген күрделі когнитивтік үдеріс ретінде қарастыратын интегративті зерттеу тәсілі өзекті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы тілдік ахуал көптілділікті зерттеу үшін ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Ғылыми дереккөздерге жасалған шолу қазақстандық ғалымдардың психолингвистика саласындағы зерттеу қызығушылығы негізінен балалар қостілділігіне, оқу үдерісіндегі қостілділікке, ана тілді, екінші және шетел тілдерін меңгеруге, интерференция үдерістеріне және сөйлеу қателеріне бағытталғанын көрсетті. Қазақстан ғылымындағы нейролингвистикалық зерттеулер қалыптасу кезеңіндегі бағыттардың бірі болғанымен, соңғы жылдары бұл салаға деген қызығушылықтың артып келе жатқаны байқалады. Мұны әдіснамалық жарияланымдардың көбеюі, ғылыми орталықтар мен институттардың құрылуы, сондай-ақ сапалы ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы құрал-жабдықтардың сатып алынуы дәлелдейді. Мақалада кешенді сипаттамалық әдіс, түйінді сөздер әдісі және дефинициялық талдау элементтері қолданылды. Зерттеу материалдары ретінде ғылыми жарияланымдар, лексикографиялық дереккөздер мен оқу-әдістемелік әдебиеттер пайдаланылды. Жүргізілген талдау Қазақстандағы көптілділікті психолингвистикалық және нейролингвистикалық тұрғыдан зерттеудің келешегі зор екенін көрсетті.

Түйін сөздер: көптілділік, бірінші тіл, екінші тіл, психолингвистика, нейролингвистика.

Zh.K. Ibrayeva¹, A.M. Kustubayeva¹, G.S. Nabyeva^{1*}, W.P. Rivers²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Research Center of American Councils,

American Councils for International Education, Washington, USA

*e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com

Psycholinguistic and Neurolinguistic Aspects of Multilingualism Research

In the context of contemporary multilingual practices, increasing attention is being paid to the study of the mechanisms underlying the interaction of multiple languages, as well as the order of their acquisition and processing in the human mind. Today, an integrative approach to the study of multilingualism is particularly relevant, considering it not only as a sociolinguistic phenomenon but also as a complex cognitive process shaped by the specific features of speech activity and cross-linguistic interaction. In this regard, the linguistic context of Kazakhstan presents a unique and valuable field for multilingualism research. A review of the literature demonstrates that the interests of Kazakhstani scholars within the field of psycholinguistics are primarily focused on childhood bilingualism, educational bilingualism, first-, second-, and foreign-language acquisition, as well as processes of language interference and speech errors. Neurolinguistic studies in Kazakhstan represent an emerging area of research; however, recent years have witnessed growing interest in this field, as evidenced by methodological publications, the establishment of research centers and institutes, and the acquisition of specialized equipment necessary for conducting high-quality scientific investigations. The study employs a comprehensive descriptive method, the keyword method, and elements of definitional analysis. The research materials include scholarly publications, lexicographic sources, and educational and methodological literature. The analysis conducted has demonstrated the promising potential for further research into multilingualism in Kazakhstan from psycholinguistic and neurolinguistic perspectives.

Ж.К. Ибраева¹, А.М. Кустубаева¹, Г.С. Нәбиева^{1*}, У.П. Риверс²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Исследовательский центр Американских советов,

Американские советы по международному образованию, Вашингтон, США

*e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com

Психолингвистический и нейролингвистический аспекты исследования многоязычия

В современных условиях многоязычных практик особую актуальность приобретает изучение механизмов взаимодействия нескольких языков, порядок их усвоения и обработки в сознании человека. Сегодня актуальным является интегративный подход исследования многоязычия не только как социолингвистического феномена, но и как сложного когнитивного процесса, обусловленного особенностями речевой деятельности и межъязыкового взаимодействия. В этой связи казахстанский языковой контекст представляет особый научный интерес для исследования многоязычия. Обзор источников показал, что интерес казахстанских ученых в ракурсе психолингвистики сосредоточен на детском билингвизме, учебном двуязычии, усвоении первого, второго, иностранного языков, процессах интерференции и речевых ошибках. Нейролингвистические исследования в казахстанской науке представляют формирующееся направление, однако в последние годы наблюдается рост интереса к данному направлению, что подтверждается методологическими публикациями, образованием научных центров и институтов, приобретением оборудования, без которого невозможно провести качественное научное исследование. В статье использован комплексный описательный метод, метод ключевых слов, а также элементы дефиниционного анализа. Источниками и материалами исследования послужили научные публикации, лексикографические источники и учебно-методическая литература. Проведенный анализ показал перспективность дальнейшего изучения многоязычия в Казахстане в психолингвистическом и нейролингвистическом аспектах.

Ключевые слова: многоязычие, первый язык, второй язык, психолингвистика, нейролингвистика.

Кіріспе

Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаят аясында көптілділікті зерттеу мәселесі өзектілігін жоғалтпай, соңғы жылдары ерекше маңызға ие болып отыр. Республикадағы тілдердің өзара әрекеттесуі қазақстандық қоғамның аса маңызды салаларында – мемлекеттік басқару, білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық коммуникацияда байқалып отырған өзгерістермен байланысты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілі мемлекет құраушы маңызды компонент қызметін атқарады. Орыс тілі кәсіби, білім беру, ұлтаралық және халықаралық коммуникация салаларында өз маңызын сақтап келеді. Соңғы 10-15 жыл ішінде ағылшын тілінің белсенділігі артып, ол қазақстандық қоғам қызметінің жетекші бағыттарына біртіндеп еніп келеді.

Нәтижесінде республикада көптілді тілдік ортаның ерекше түрі қалыптасуда. Мұнда қазақ, орыс және ағылшын тілдері тілдік саясаттың мақсаттары мен ұстанымдарына сәйкес қызмет атқарып қана қоймай, күрделі өзара ықпалдас-тыққа түсіп, тілдік таңдауға, тілдік басымдық-

тарға, аударма үдерістеріне және тіл иелерінің санасындағы тіларалық өңдеу үдерістеріне әсер етеді.

Қазақстандағы тілдік жағдаят шеңберінде қостілділік аясында бірінші және екінші тілдердің өзара арақатынасы, сондай-ақ ағылшын тілінің қалыптасқан билингвалды жүйеге қалай енетіні туралы мәселе ерекше маңызды болып табылады. Қазақстандық ғылымда қостілділік мәселесі әлеуметтік лингвистика аясында жан-жақты әрі жүйелі түрде зерттелген. Бұл тілдік жағдайдың ерекшелігімен және қостілділіктің түрлерімен байланысты, өйткені қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділігі ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан шартталған құбылыс ретінде қарастырылды. Осыған байланысты қазақстандық әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің негізгі назарында тілдік таңдау мен тілдерге деген көзқарас, тілдік орта мен қостілділік жағдайындағы тілдердің қолданылу аясы, тілдік бірегейлік, қостілді білім беру және тілдік тәжірибе мәселелері тұр. Дәл осы әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделеу Қазақстандағы тіл саясаты мен тілдік жоспарлауды ғылыми тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік берді, сонымен қатар республикадағы қостілділіктің қалыптасуына

әсер ететін институционалдык, демографиялық және білім беру факторларын ескеруге жағдай жасады.

Қазақстандық социоллингвист ғалымдардың еңбектері қостілділікті психоллингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ізденістердің іргетасына айналды. Психоллингвистикалық зерттеулер үшін қазақ, орыс және басқа тілдерді меңгерудің когнитивтік механизмдері аса маңызды. Қазақстан жағдайында тілдерді таңдау мен олардың басымдығы, әртүрлі коммуникативтік салалардағы (отбасы, білім беру, кәсіби қызмет және т.б.) код ауыстыру құбылыстары, сондай-ақ қостілділік механизмдерінің даму үдерістері өзекті болып табылады. Бұларға сөйлеуді өндіру мен қабылдау, әртүрлі тілдік жүйелерге жататын мәтіндерді түсіну, тілдік ақпаратты өңдеу, көптілділік жағдайында бірінші, екінші және үшінші тілдерді меңгеру мен қолдану үдерістері жатады.

Егер психоллингвистикалық зерттеулер бұл үдерістерді сөйлеу әрекеті деңгейінде сипаттауға мүмкіндік берсе, нейролингвистика тілдерді меңгеру реттілігінің тіл таңдауына, сөздерді өңдеу және тану жылдамдығына, аудармаға және жалпы тіл аралық белсендіруге ықпал ететінін зерттеуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты көптілділікті психоллингвистикалық және нейролингвистикалық тәсілдерді біріктіре отырып, интегративті тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады. Қазақстандық көптілділік моделін зерттеудің әлеуеті ортақ тарихи өткенге және болашағы зор даму перспективасына ие типологиялық тұрғыдан әртүрлі тілдердің өзара әрекеттесуін одан әрі зерделеумен байланысты.

Материалдар мен әдістер

Мақалада Қазақстандағы қостілділік пен көптілділік мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми мектептер мен бағыттарға, сондай-ақ тіл саясаты аясында жүзеге асырылып жатқан пәнаралық зерттеулердің даму үрдістері мен келешегіне талдау жасалды. Зерттеу барысында жаппай жинақтау, материалдарды іріктеу, кілт сөздер әдісі, дефинициялық және салыстырмалы талдау элементтерін біріктіретін кешенді сипаттамалық әдіс қолданылды. Зерттеудің дереккөздік базасын ғылыми еңбектер, нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттар, лексикографиялық материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер құрады.

Әдебиеттерге шолу

Дереккөздерге жасалған шолу қазақстандық ғалымдардың қостілділік пен көптілділік мәселесіне деген ғылыми қызығушылығы Қазақстанның тілдік және геосаяси жағдайымен байланысты екенін көрсетеді (Сүлейменова & Смағұлова, 2005). Билингвалды тілдік жағдаяттың қалыптасуы орыс тілі ұлтаралық қатынас, мемлекеттік басқару және білім беру тілі қызметтерін атқарумен сипатталатын кеңестік тіл саясатының жүргізілуімен байланысты (Хасанов, 1976, б. 33). Посткеңестік кезеңде Қазақстанның тіл саясаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайтуға және оның қолданылу аясын біртіндеп кеңейтуге бағытталды (Смағұлова, 2008). Қазіргі тілдік жағдайдың ерекшелігі – тек басым тілдің ауысуында емес, қазақ және орыс тілдерінің қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы қызметтерінің функционалдык тұрғыдан қайта бөлінуінде.

Табиғи қостілділік пен көптілділік мәселелері қазақстандық зерттеушілер тарапынан әлеуметтік лингвистика (Алтынбекова, 2006; Сүлейменова et al., 2010) және тілдік байланыстар теориясы (Карлинский, 1990; Шайбакова, 2020) тұрғысынан жан-жақты қарастырылған. Соңғы жылдары бұл мәселе білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты жана серпін алды (Сармурзин, 2024; Жарқынбекова, 2017).

Осылайша, қостілділікті зерттеуде сабақтас ғылымдардың (әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, нейролингвистика, когнитивтік ғылым, лингводидактика және т.б.) әдістерін біріктіретін интегративті тәсіл негізді болып табылады. Сонымен бірге зерттеудің өзіндік ерекшелігін ажырату маңызды: әлеуметтік лингвистика билингвтің тілді не үшін, қандай мақсатпен таңдайтынын түсіндіреді, ал психоллингвистика мен нейролингвистика билингвтің тілдерді қалай ауыстыратынын немесе араластыратынын қарастырады. Егер әлеуметтік лингвистика қостілділік пен көптілділіктің себептері ретінде тіл беделін, тілге деген қатынасты, тілдік норманы, узуралдық көріністерді бөлсе, психоллингвистика мен нейролингвистика үшін қостілділікті когнитивтік құбылыс ретінде реттейтін сөйлеу тетіктері маңызды.

Қазақстан ғылымындағы көптілділікті зерттеудің психоллингвистикалық аспектісі билингвтердің сөйлеу әрекеті мәселелерімен (Ақберді, 2005), бірінші, екінші және үшінші тілдерді мең-

геру ерекшеліктерімен (Ағманова, 2010), сондай-ақ код ауыстыру құбылысымен (Жарқынбекова & Чернявская, 2022; Ибраева & Нәбиева, 2021) тоғыса отырып қалыптасуда. Аталған ғалымдардың еңбектері екінші тілді меңгеруді тек оқыту әдістемесіне қатысты мәселе ретінде ғана емес, тілдік бейімделумен байланысты әлеуметтік-лингвистикалық және психолингвистикалық үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі – балалар қостілділігі. Қазақстан жағдайында бұл мәселенің маңызы ерекше, себебі бала ерте жастан бастап қазақ және орыс тілдерінің өзара әрекеттесу ортасында өседі, ал кейінірек үшінші тіл ретінде ағылшын тілін меңгеруге тартылады. Мұндай көптілді орта баланың тілдік дамуына, когнитивтік үдерістеріне және коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына тікелей әсер етеді. А.К. Шаяхметтің, Г.Д. Алдабергенованың және И.М. Винницкаяның зерттеулерінде ерте қостілділік, балалар сөйлеуінің ерекшеліктері, сөйлеу тілінің дамуы және метатілдік сана мәселелері қарастырылады (Шаяхметова, 2004; Алдабергенова, 1999; Винницкая, 1999). Бұл еңбектер балалардың қостілдік ортада тілдік құзыреттілігінің қалыптасу заңдылықтарын түсінуге маңызды үлес қосады.

А.Д. Жақыпова мен оның әріптестерінің заманауи зерттеулері балалардың мотивациялық рефлексиясын зерттеудің эксперименттік тәсілін дамыта отырып, монолингв және билингв балалардың тілдік санасының ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер балалар қостілділігін жалпы сипаттау деңгейінен сөз мағынасын ұғынудың нақты механизмдерін, формалды және семантикалық байланыстарды орнату ерекшеліктерін, сондай-ақ мағынаны интерпретациялау үдерістерін талдау деңгейіне көшіруге жағдай жасайды (Жақыпова және т.б., 2024).

Нәтижелер мен талқылау

Ғылыми ізденістердің қостілділік пен көптілділік үдерістеріне бағытталуы олардың күрделі табиғатымен түсіндіріледі. Сондықтан бұл құбылыс әлеуметтік лингвистика, тілдік қатынастар теориясы, психология, педагогика және тілдерді оқыту әдістемесі сияқты әртүрлі ғылымдардың тоғысқан тұсында зерттеледі. Психолингвистика мен нейролингвистикада бұл мәселе адамның сөйлеу және когнитивтік қызметінің әртүрлі деңгейлерін, әртүрлі тілдердегі

сөйлеуді қабылдау мен өндіру механизмдерін, менталды лексиконның ұйымдасуын және көптілді құзыреттіліктің қалыптасуын қамтиды. Психолингвистика үшін көптілді тұлғаның сөйлеуді қалай құрастыратыны, ана тіліндегі және өзге тілдегі сөйлеуді қалай қабылдайтыны ерекше маңызды.

Қостілділік ұғымының зерттеу бағыттарына байланысты көптеген анықтамалары бар. Әртүрлі еңбектердегі негізгі анықтама қостілділікті екі немесе одан да көп тілді меңгеру ретінде түсіндіруге саяды. Мұндай меңгеру «дағдылы, еркін, дұрыс және акцентсіз» тілдік қолданыспен сипатталады (Paradis, 1986). Бұндай анықтамаға сүйенетін болсақ, қостілділік сирек кездесетін құбылыс болып табылады. Бұл жағдайда қостілділіктің ерекше түрі ретінде амбилингвизм туралы айту орынды. Амбилингвизм кезінде билингв екі тілді де бірдей жоғары деңгейде меңгеріп, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде бір тілдің екіншісіне ықпал ету белгілерінсіз қолданады. Алайда іс жүзінде билингвтердің көпшілігінде екі тіл бойынша құзыреттілік деңгейі әртүрлі болады. Дж. Филдтің пікірінше, «қостілділік» терминінің дәл еместігі кейбір психолингвистердің бұл ұғымды шет тілін жеткілікті дәрежеде меңгерген, бірақ ана тілі иесінің деңгейіне жетпеген тіл үйренушілерге де қолдануымен күрделене түседі (Field, 2012, p. 31). Ал Ф. Грожан қостілділікті тіл меңгеру деңгейі арқылы емес, тілдерді қолдану дәрежесі арқылы анықтауды ұсынады (Grosjean, 1982).

Қазақстандық ғылыми дәстүрде ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында «ұлттық-орыс қостілділігі» терминінің орнына келген қазақ-орыс қостілділігі болды. Соңғы жылдары ғалымдардың зерттеу орыс-қазақ қостілділігі де ілікті. Орыстандыру саясатының нәтижесінде қазақ этносы өкілдерінің арасында орыс тілі ана тілі немесе бірінші тіл қызметін атқарған адамдар қалыптасты. Қазіргі Қазақстандағы жаңа тілдік саясат жағдайында мұндай билингвтер тобы екінші тіл ретінде қазақ тілін ересек жаста және салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде меңгеруге мәжбүр болды (Ибраева & Нәбиева, 2021, б. 88).

Демек, тілдік қатынастардың қостілділіктің нәтижесінде орын алатын интерференция құбылысы зерттеуді қажет етеді. Бұл – зерттеу нысанының маңызын арттыратын факт, орыстілді билингв тұлға ретінде қазақ ұлтының өкілдері алынып тұр. Сөзсіз, қазақ тілінің қазіргі мәртебесі тек қазақтардың ғана емес, жалпы қазақс-

тандықтардың арасында өте жоғары. Қазіргі кезде қазақ тілін білмейтін азаматтар саны азаюда. Көптеген азаматтар тілдік саясаттың ықпалымен немесе өз еркімен қазақ тілін белсенді түрде меңгеруде. Дегенмен, қазақ тілін төмен деңгейде меңгерген қазақ азаматтарының сөйлеуінде интерференция көрініс табады (Ибраева & Нәбиева, 2021, б. 88-89).

Көріп отырғанымыздай, қостілділік мәселесінің негізгі параметрлерінің бірі – бірінші және екінші тілдердің арақатынасы туралы мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, жеке тұлғаның тілдік репертуарындағы қазақ және орыс тілдерінің өзара қатынасына, сондай-ақ бұл тілдердің типологиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аудару қажет. Мұнда билингвтің екінші тілді бірінші тілдің қалыптасқан жүйесі негізінде меңгеретіні, ал үшінші тілдің өз кезегінде орныққан қостілді жүйенің үстіне қабаттасып игерілетіні туралы қағида маңызды болып табылады. Екінші және үшінші тілдерді меңгеруші адам когнитивтік тұрғыдан жетілген, белгілі бір өмірлік және тілдік тәжірибеге, сондай-ақ бірінші тілдегі қарым-қатынастың прагматикалық тәжірибесіне ие болады. Бұл тәжірибе екінші тілді қабылдау үдерісінде өзіндік «линза» қызметін атқарады (Field, 2012).

Қазіргі уақытта қостілділікті сипаттау мен бағалау мақсатында зерттеушілердің басым бөлігі «Bilingual Language Profile (BLP)» әдістемесін қолданады. Бұл билингвтердің тілдік басымдығын бағалауға арналған жаһандық тілдік профиль болып табылады (Birdsong, D., Gertken, L. M., & Amengual, M., 2012). Сауалнама төрт модульден тұрады: тілдік тарих, тілді қолдану, тілдік құзыреттілік деңгейі және тілге деген көзқарас. Жалпы алғанда, ол 19 сұрақты қамтиды және олардың нәтижелері тілдік басымдық индексі анықтау үшін жинақталады. Қазақ-орыс қостілділігін сипаттау барысында BLP әдісіне жүгіну перспективалы болып табылады, өйткені ол қостілді қоғамда өсіп-жетілген, қазақ және орыс тілдерін әртүрлі коммуникативтік жағдайларда күнделікті қолданатын билингвтердің тілдік сипаттамаларын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, бұл сауалнамада маңызды көрсеткіштердің бірі – өзін билингв деп санайтын адамның тілдік құзыреттілігін өзіндік бағалауы мен оның тілдік бірегейлігі болып табылады. Бұл параметрлер жеке тұлғаның өз тілдік тәжірибесін қалай қабылдайтынын, қай тілмен өзін көбірек байланыстыратынын және тілдер-

дің оның әлеуметтік әрі мәдени сәйкестігінде қандай орын алатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда атап өтілгендей, қостілділікті бағалау және сипаттау барысында бірінші және екінші тіл ұғымдарының әртүрлі ғылымдар мен зерттеу бағыттарында әрқалай түсіндірілетінін ескеру қажет. Сондықтан қостілділікті зерттеуде бұл терминдердің мазмұнын нақтылау мен олардың теориялық негіздерін ажырату ерекше маңызды болып табылады.

Білім беру ортасы көптілді құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде танылады. Қазақстанның көптілді білім беру моделінде бірінші тіл ұғымы көбіне оқыту тілімен сабақтастырылады. 2017 жылы Қазақстанда алғаш рет үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты әзірленді. Бұл құжат Қазақстандағы барлық үлгідегі мектептерде үш мақсатты тілді оқытудың ортақ шекараларын (тәсілдерін, қағидаттарын және стратегияларын) айқындады. Аталған стандарт Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (МЖМБС-2015, МЖМБС-2016) негізінде әзірленді («Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты», 2017). Бірыңғай тілдік стандартта құжаттың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оқыту тілдерінің мәртебесі төмендегідей анықталды: «Бірінші тіл (Т1) – мектептегі оқыту тілі. Қазақстанда мұндай тілдер бесеу: қазақ тілі (Т1), орыс тілі (Т1), тәжік тілі (Т1), өзбек тілі (Т1), ұйғыр тілі (Т1). Екінші тіл (Т2) – оқыту тілі қазақ тілі емес мектептердегі қазақ тілі (Т2) және оқыту тілі орыс тілі емес мектептердегі орыс тілі (Т2). Үшінші тіл (Т3) – шетел тілі».

Қазақстан мектептерінде үшінші тіл ретінде ағылшын (Т3), неміс (Т3) және француз (Т3) тілдері оқытылады. Алайда бастауыш мектептің типтік оқу жоспарларында үшінші тіл ретінде нақты ағылшын тілі (Т3) көрсетілсе, негізгі орта білім беру деңгейінің типтік оқу жоспарларында шетел тілі (Т3) деп беріледі. Ал жалпы орта білім беру деңгейінің типтік оқу жоспарларында инвариантты компонент құрамында ағылшын тілі (Т3), вариативті компонент құрамында шетел тілі (Т3) қарастырылған («Үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты», 2017, б. 6).

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білім беру үдерісіне қатар енгізу бірқатар әдіснамалық және ұйымдастырушылық қиындықтармен қатар жүрді (Сармурзин, 2024). Сонымен бірге ата-аналар тарапынан үштілді білім беруді кезең-кезеңімен енгізудің қажеттілігіне қатысты

белгілі бір ұстанымдар мен көзқарастар қалыптасты (Kambatyrova, 2024).

Біздіңше, оқыту әдістемесінде қолданылатын «бірінші тіл», «екінші тіл» терминдерінің анықтамаларын лингвистикалық және лексикографиялық дереккөздердегі түсіндірмелерден ажырата қарастыру аса маңызды. Мәселен, беделді сөздіктерде бірінші тіл (First Language) адамның ең алдымен меңгерген тілі ретінде анықталады (Cambridge Dictionary, n.d.). Тиісінше, екінші тіл – адамның мектепте, жұмыста немесе басқа да әлеуметтік ортада белсенді қолданатын, бірақ алғаш меңгерген тілі болып табылмайтын тіл (Oxford Learner's Dictionaries, n.d.). Ал Merriam-Webster сөздігінде екінші тіл адамның балалық шағында алғаш меңгерген тіліне қосымша үйренетін тілі ретінде сипатталады (Merriam-Webster Dictionary, n.d.).

Егер әлеуметтік лингвистикада бірінші және екінші тіл ұғымдары отбасы тілі, білім беру тілі, ұлтаралық қатынас тілі, мемлекеттік тіл, бірегейлік пен бедел тілі сияқты әлеуметтік институттар арқылы анықталса, психолингвистикада бірінші және екінші тіл ең алдымен олардың меңгерілу реті, меңгеру жасы, тілді игеру деңгейі, тілдің басымдығы және қолданылу жиілігі негізінде сипатталады. Бұл тұрғыда қай тілдің алғаш меңгерілгенін анықтау маңызды болып табылады. Сонымен қатар тілдің белсендірілу жылдамдығы, сөйлеуді тудыру, қабылдау және түсіну үдерістеріндегі рөлі де ескеріледі. Сондықтан психолингвистикалық зерттеулерде бірінші және екінші тілдерді ажырату кезінде тек әлеуметтік мәртебесіне ғана емес, олардың когнитивтік өңделу ерекшеліктеріне де назар аударылады.

Оқу қостілділігі билингвизмнің әдістемелік тұжырымдама құруды талап ететін ерекше әрі өзіндік түрі ретінде қазақстандық ғалымдар тарапынан пәнаралық аспектіде кеңінен қарастырылады: контрастивтік лингвистикада, лингводидактикада, салыстырмалы тіл білімінде, тілдерді оқыту әдістемесінде. Қостілді оқыту жағдайында тіл жаңа білім арудың құралы ретінде көрінеді, ал оқыту мазмұны оқу-тәрбие үдерісінің барлық буындарында пәндік және тілдік компоненттердің үйлесуімен ерекшеленеді.

Қазақстандағы көптілді білім беру жағдайында ағылшын тілі білім алушылар қазақ және орыс тілдерін меңгеру тәжірибесін қалыптастырғаннан кейін игерілетін үшінші тіл позициясында орнықты. Яғни ағылшын тілі билингвтің санасында бұрыннан қалыптасқан қостілді тіл-

дік репертуар аясында меңгеріледі. Ағылшын тілін меңгеру үдерісіне қазақ және орыс тілдерінің екеуі де белгілі бір дәрежеде ықпал етуі мүмкін, бұл олардың билингвтің тілдік санасындағы орны мен қызметіне байланысты болады.

Қазақстандағы тілдік жағдай тұрғысынан трилингвтердің бар екендігі жөніндегі мәселе пікірталас тудырады. Дегенмен бұл жерде тілдің табиғи ортада емес, оқу үдерісі барысында қалыптасатын жасанды тілдік орта жағдайында меңгерілетінін ескеру маңызды. Психолингвистикалық зерттеулерде сыналушылар ретінде әдетте қазақ және орыс тілдерін меңгерген адамдар арнайы іріктеледі, ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі шет тілін білуге арналған әртүрлі тестілер арқылы бағаланады.

Қостілділік пен көптілділік үдерістері сыртқы және субъективті факторлардың ықпалына өте сезімтал келеді. Қазіргі уақытта қазақстандық жастардың тілдік тәжірибесі негізінде ұлттық сананың күшеюін және қазақ тілінің әлеуметтік беделінің артуын байқауға болады. Сонымен қатар ағылшын тіліне қатысты прагматикалық көзқарас қалыптасып келеді, өйткені ол халықаралық білім алу, кәсіби даму және жаһандық коммуникация құралы ретінде қабылданады. Ал орыс тілі банк, қаржы және іскерлік қатынас салаларында өз маңызын сақтап, сұранысқа ие тіл ретінде қолданылып келеді. Егер әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан көптілділікті талдау тілдік жоспарлаудың тиімділігін, этнодемографиялық үдерістердің статистикалық көрсеткіштерін, адамдардың өмір сүретін ортасын және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын ескеруді талап етсе, психолингвистикалық зерттеулер үшін басты назар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру фактісінің өзіне емес, осы тілдердің лексикалық, фонетикалық, семантикалық және грамматикалық деңгейлердегі үздіксіз әрі күрделі өзара әрекеттесу үдерістеріне аударылады.

Психолингвистикалық және нейролингвистикалық зерттеулердегі күрделі мәселелердің бірі – зерттеуге қатысушыларды іріктеу және таңдау. Бұл фактор эксперимент нәтижелері мен одан шығарылатын ғылыми қорытындыларға тікелей әсер етеді. Егер бұрынғы зерттеулерде респонденттерді монолингвтер мен билингвтер деп екі топқа бөлу жеткілікті болса, қазіргі зерттеулерде бірінші, екінші және үшінші тілдердің меңгерілу жасы сияқты көрсеткіштерге ерекше мән беріледі. Когнитивтік эксперименттің мақсатына қарай зерттеуші тілдік құзыреттілікті

анықтауға арналған диагностикалық тестілер мен сауалнамаларды қолдана алады. Олардың қатарына тіл меңгеру деңгейін бағалауға арналған LEAP-Q сауалнамасы, сөздік қордың көлемін анықтайтын LexTALE (Lexical Test for Advanced Learners of English) тесті, сондай-ақ мәтіндердің сауаттылық деңгейі мен лексикалық күрделілігін бағалауға арналған LFP (Lexical Frequency Profile) және TAALES (Tool for the Automatic Analysis of Lexical Sophistication) құралдары жатады.

Осылайша, қазіргі психоллингвистикалық және нейролингвистикалық зерттеулерде көптілді тұлғаның тілдік тәжірибесін сипаттау тек тілдерді білу фактісімен шектелмейді. Зерттеушілер тілдерді меңгеру уақытына, оларды қолдану жиілігіне, тілдік басымдыққа, сондай-ақ тілдердің когнитивтік өңделу ерекшеліктеріне назар аударады. Бұл көптілділіктің психикалық механизмдерін тереңірек түсінуге және тілдердің адам санасындағы өзара ықпалын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық психоллингвистиканың күрделі әрі болашағы зор бағыттарының бірі – билингвтердің үшінші тілдегі әртүрлі мәтіндерді түсінуі мен меңгеру үдерісін зерттеу болып табылады. Бұл бағыттың өзектілігі Қазақстандағы көптілділік жағдайында оқушы немесе студенттің, әдетте, екі тілді меңгеріп, оларды академиялық ортада қолдану дағдыларын қалыптастырғандығымен байланысты. Ал үшінші тіл (ағылшын тілі) осыған дейін қалыптасқан билингвалды когнитивтік базаға енеді.

Осыған байланысты үшінші тілдегі мәтінді оқу және түсіну үдерісі тек шетел тілінің лексикасы мен грамматикасын меңгерумен ғана шектелмейді. Бұл үдеріс бірінші және екінші тілдердегі тілдік тәжірибенің, аялық білімнің, когнитивтік стратегиялардың және мағынаны интерпретациялау тетіктерінің өзара ықпалдасуын талап етеді. Сондықтан үшінші тілді меңгеру барысында мәтінді түсіну мәселесі көптілді тұлғаның когнитивтік және психоллингвистикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулерде мәтінмен жұмыс істеуді дәстүрлі лингводидактикалық тұрғыдан сипаттаудан оның қабылдануы мен интерпретациясын психоллингвистикалық тұрғыдан талдауға көшу үрдісі айқын байқалады (Kurmanbek & Ibraeva, 2021). Зерттеушілер мәтінді түсінуді тек тілдік бірліктерді тану үдерісі ретінде емес, оқырманның когнитивтік тәжірибесі, аялық білі-

мі және мағынаны құрастыру стратегияларымен байланысты күрделі психикалық әрекет ретінде қарастырады. Сонымен қатар әртүрлі мазмұндағы мәтіндерді түсіну ерекшеліктері мен оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселелері де зерттеу нысанына айналуда (Kenzhebekkyzy & Ibraeva, 2023). Мұндай жұмыстар көптілді орта жағдайында мәтінді қабылдау мен түсінудің психоллингвистикалық механизмдерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, үшінші (шетел) тілді оқыту әдістемесінде мәтіндер тіл меңгеру деңгейін тексеру құралы ретінде қолданылса, психоллингвистикалық зерттеулерде мұндай мәтіндер тілдік ақпаратты өңдеу механизмдерін талдау мен анықтауға арналған эксперименттік материал қызметін атқарады. Басқаша айтқанда, оқыту әдістемесінде мәтін білім алушының тілдік құзыреттілігін бағалау құралы болса, психоллингвистикада ол сөйлеуді қабылдау, түсіну, есте сақтау және өңдеу үдерістерінің ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік беретін зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Қазақстан ғылымында қалыптасу сатысында тұрған бағыттардың бірі – көптілділік нейролингвистикасы, жалпы нейролингвистика. Айта кету керек, тіл мен ми мәселесін зерттеудің медициналық аспектісі, ең алдымен, адамның орталық жүйке жүйесінің түрлі патологиялары мен ауруларымен байланысты, ал Қазақстан жағдайында сау адамның ми жұмысына жүгіну, онтогенез ерекшеліктерін, тілдік қабілеттерді, тіл таңдауын, код ауыстыруды, тілдерді өңдеуді және т.б. анықтау маңызды болып табылады.

Қазақстандағы көптілділікті зерттеудің нейролингвистикалық аспектісі – лингвистика, психоллингвистика және когнитивтік нейроғылымдардың тоғысында қалыптасып келе жатқан жаңа әрі болашағы зор интегративті бағыт. Нейролингвистика Қазақстан ғылымында әлі де қалыптасу кезеңінде болғанымен, бұл салада жекелеген ғалымдар мен зерттеу топтарының еңбектері пайда бола бастады. Қазіргі таңда зерттеушілерді бірінші, екінші және үшінші тілдердің мида өңделуін қамтамасыз ететін механизмдер, тілдер арасындағы белсендіру үдерістері, сондай-ақ бірінші және екінші тілдердің үшінші тілдегі сөздерді өңдеуге ықпал ету деңгейі қызықтырады.

Осыған байланысты ғалымдардың алдында көптілділік пен үштілділіктің негізінде жатқан когнитивтік үдерістерді эксперименттік тұрғы-

дан тіркеу және талдау міндеті түр. Г. Нәбиева мен Қ. Жақсылыққызы өз зерттеулерінде қазақстандық ғылыми ізденістер үшін психолингвистика мен нейролингвистиканың әдістерін кешенді қолдану әдіснамалық тұрғыдан аса перспективалы екенін атап көрсетеді. Мұндай әдістер қатарына бұзылған сөйленіс әдісі, шақырылған әлеуеттер әдісі (ERP), электроэнцефалография (ЭЭГ), функционалды магниттік-резонанстық томография (фМРТ) және басқа да заманауи эксперименттік тәсілдер жатады (Ибраева & Жақсылыққызы, 2021).

Жоғарыда аталған қазақстандық ғалымдардың әлеуметтік лингвистика, тілдік қатынастар теориясы және лингводидактика салаларындағы зерттеулері тіл таңдау мәселесін, интерференция үдерістерін, тіл саясатының ерекшеліктерін сипаттап, түсіндіруге мүмкіндік берді. Бұл еңбектер кейінгі интегративті зерттеулердің қалыптасуына берік ғылыми негіз қалады.

Ғылыми тұрғыдан ерекше маңызды бағыттардың бірі – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттесуі жағдайындағы лексика-семантикалық өңдеу үдерістерін зерттеу. А. Кустубаева, Ж. Ибраева, К. Жақсылыққызы, М. Жолдасова және Р. Дитмардан құралған лингвистер, психологтар және когнитивтік нейроғылым зерттеушілерінің ғылыми ұжымы электроэнцефалография (ЭЭГ) деректерін тіркеу арқылы ағылшын тілінен (Т3) қазақ және орыс тілдеріндегі аударма баламаларының белсендірілу ерекшеліктерін зерттеуде (Zhaksylykkyzy et al., 2026). Бұл зерттеу көптілді тұлғаның санасындағы тілдер арасындағы өзара байланыс механизмдерін, сондай-ақ үшінші тілді өңдеу барысында бірінші және екінші тілдердің ықпалын анықтауға бағытталған.

Қазақстанда толыққанды нейролингвистикалық зерттеулер жүргізу мүмкіндігі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алғаш рет ашылған Ми институтының құрылуымен байланысты болды. Бұл институттың негізін 2018 жылы құрылған Когнитивтік нейроғылым орталығы (CogNeuro) қалады. Ми институты интегративті ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын маңызды алаңға айналып, когнитивтік нейроғылым, психология, медицина, компьютерлік ғылымдар және нейролингвистика салаларындағы ғалымдарды біріктірді.

Институттың негізгі миссиясы халықаралық стандарттарға сай келетін пәнаралық ғылыми жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру

болып табылады. Қазіргі уақытта зерттеудің басым бағыттарына мидың дамуы, когнитивтік функциялар, нейродегенеративті аурулар, диагностикалық және болжамдық биомаркерлер, сондай-ақ көптілділіктің нейролингвистикасы жатады. Ми институтының әдіснамалық және техникалық базасы заманауи эксперименттік технологияларды пайдалана отырып күрделі ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Әсіресе нейролингвистикалық зерттеулер үшін электроэнцефалография (ЭЭГ), шақырылған әлеуеттер әдісі (ERP) және функционалды магниттік-резонанстық томография (фМРТ) сияқты технологиялардың маңызы зор.

Институт қызметі нейроғылымның әртүрлі салаларын дамытуға, заманауи ғылыми технологияларды енгізуге, жаңа буын мамандарын даярлауға және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Ми институты Қазақстан ғылымының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін ұлттық ғылыми инфрақұрылымның маңызды платформасы ретінде қызмет етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы көптілділікті зерттеу интегративті тәсілді қажет ететінін анық көрсетеді. Атап айтқанда, көптілділіктің психолингвистикалық және нейролингвистикалық қырларына назар аудару Қазақстандағы тілдік ахуалды тарихи, әлеуметтік және саяси үдерістердің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми тұрғыдан қызықты тіларалық өзара әрекеттесу жүйесі ретінде жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты қостілділік пен көптілділік мәселелері сөйлеуді қабылдау, түсіну және әртүрлі тілдердегі мағыналарды өңдеу деңгейінде жан-жақты әрі терең талдауды талап етеді. Әсіресе бірінші, екінші және үшінші тілдердің менталды лексикондағы орны мен рөлін, сөйлеу әрекеті барысында тілдердің белсендірілуі мен өзара бәсекелесу үдерістерін эксперименттік тұрғыдан зерттеудің маңызы арта түсуде. Сондықтан Қазақстанда бұл ғылыми бағыттың одан әрі дамуы көптілділікті зерттеудің пәнаралық зерттеу парадигмасын қалыптастырумен және психолингвистика, нейролингвистика, когнитивтік ғылым мен әлеуметтік лингвистиканың өзара ықпалдастығын күшейтумен тығыз байланысты.

Қаржыландыру

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленеді (БНҚ BR27198099).

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

Ибраева Жанар Кулматовна мен Кустубаева Альмира Мелсовна зерттеудің жалпы тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу кезеңдерін жоспарлауға, зерттеу материалдарын жүйелеуге және әдіс-тәсілдерді таңдауға қатысты. Нәбиева Гүлназ Серікқызы тақырып бойынша әдебиеттерді шолуға, зерттеу материалын жинақтап, іріктеуге және мақаланы техникалық рәсімдеуге жауапты болды. Уильям Патрик Риверс зерттеу тұжырымдамасы бойынша кеңес беруге, мақаланы құрылымдауға және нәтижелерді қорытып, негіздеуге қатысты.

Әдебиеттер

- Сулейменова, Э. Д., & Смагулова, Ж. С. (2005). *Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане*. Алматы: Қазақ университеті.
- Хасанов, Б. Х. (1976). *Языки народов Казахстана и их взаимодействие*. Алма-Ата: Наука КазССР.
- Smagulova, J. (2008). Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 11(3–4), 440–475. <https://doi.org/10.1080/13670050802148798>
- Алтынбекова, О. Б. (2006). *Этноязыковые процессы в Казахстане*. Алматы: Экономика.
- Сулейменова, Э. Д., Алтынбекова, О. Б., Ибраева, Ж. К., Мадиева, Г. Б., & Акберди, М. И. (2010). *Динамика языковой ситуации*. Алматы.
- Карлинский, А. Е. (1990). *Основы теории взаимодействия языков*. Алматы: Ғылым.
- Шайбакова, Д. М., Протасова, Е. Ю., & Джундубаева, А. А. (2020). *Плюрицентрические языки в исследовательских моделях*. Алматы: Улагат.
- Sarmurzin, Y., Amanzhol, N., Toleubayeva, K., et al. (2024). Challenging aspects of Kazakhstan's trilingual education policy: Evidence from a literature review. *Asia Pacific Education Review*, 25, 801–811. <https://doi.org/10.1007/s12564-023-09823-7>
- Жаркынбекова, Ш. К. (2017). Языковые реформы и межкультурные трансформации в полиязычном пространстве Республики Казахстан. *Полилингвистичность и транскультурные практики*, 14(2), 246–252.
- Акберди, М. И. (2005). *Парониматические варианты слова: проблема выбора* (Автореф. дис. ... канд. филол. наук). Алматы.
- Агманова, А. Е. (2010). Экстралингвистические факторы усвоения второго языка. *Вестник КарГУ. Серия филологическая*, 4, 4–9.
- Жаркынбекова, Ш. К., & Чернявская, В. Е. (2022). Казахско-русская билингвальная практика: смешение кода как ресурс в коммуникативном взаимодействии. *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика*, 13(2), 468–482. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482>
- Ибраева, Ж. К., & Набиева, Г. С. (2021). Субординативті билингвизм жағдайындағы тілдік бәсекелестік. *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы*, 1(75), 83–90.
- Шаяхметова, А. К. (2004). О соотношении языков в детском двуязычии. В *Детская речь как предмет лингвистического исследования: Материалы Международной научной конференции* (с. 67–79). СПб.
- Алдабергенова, Г. Д. (1999). *Исследование влияния билингвизма на развитие личности детей* (Автореф. дис. ... канд. филол. наук). Алматы.
- Винницкая, И. М. (1999). *Психолінгвистический анализ усвоения глагольных форм (на материале детской речи)* (Автореф. дис. ... канд. филол. наук). Алматы.
- Жакупова, А. Д., Анищенко, О. А., & Темирова, Ж. Г. (2024). Исследование мотивационной рефлексии детей-монолингвов и детей-билингвов Казахстана (на материале данных психолінгвистического эксперимента). *Вестник Томского государственного университета. Филология*, 88, 48–75. <https://doi.org/10.17223/19986645/88/3>
- Paradis, M. (1986). Foreword. In J. Vaid (Ed.), *Language processing in bilinguals: Psycholinguistic and neurolinguistic perspectives*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Field, J. (2012). *Psycholinguistics: The key concepts*. London & New York: Routledge.
- Grosjean, F. (1982). *Life with two languages: An introduction to bilingualism*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Birdsong, D., Gertken, L. M., & Amengual, M. (2012). *Bilingual Language Profile: An easy-to-use instrument to assess bilingualism*. COERLL, University of Texas at Austin. <https://blp.coerll.utexas.edu/>
- Министерство образования и науки Республики Казахстан, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина. (2017). *Единый языковой стандарт обучения трем языкам*. https://school.muscomplexpavl.edu.kz/download/metod_help_teacher/edin_languege_standart.pdf

- Kambatyrova, A. (2024). Parents' language ideologies in the context of trilingual education policy in Kazakhstan. *International Journal of Multilingualism*, 21(3), 1201–1217. <https://doi.org/10.1080/14790718.2022.2153850>
- Cambridge Dictionary. (n.d.). *First language*. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/first-language>
- Oxford Learner's Dictionaries. (n.d.). *Second language*. <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/second-language>
- Merriam-Webster Dictionary. (n.d.). *Second language*. <https://www.merriam-webster.com/dictionary/second%20language>
- Kurmanbek, Y., & Ibrayeva, Zh. (2021). Analysis of the scientific text in psycholinguistics: An overview and some preliminary findings. *Вестник КазНУ. Серия филологическая*, 2(181), 49–56.
- Kenzhebekkyzy, M., & Ibrayeva, Zh. (2023). Formation of reading literacy in English lessons. *Известия КазУМОиМЯ имени Абылайхана. Серия: «Филологические науки»*, 4(71), 313–325. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.023>
- Ibrayeva, Zh. K., & Zhaksylykyzy, K. (2021). The role of neurolinguistic research in the study of bilingualism. *Вестник Казахского национального университета. Серия «Филологические науки»*, 1(75), 67–73. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.11>
- Zhaksylykyzy, K., Ibrayeva, Z. K., Kustubayeva, A. M., Roehm, D., & Zholdassova, M. (2026). Processing effects of L1/L2 from L3 in translation recognition paradigm: An exploratory ERP study. *Frontiers in Psychology*, 16, 1710959. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1710959>

References

- Akberdi, M. I. (2005). *Paronomaticheskie varianty slova: problema vybora* [Paronomic variants of the word: The problem of choice] (Abstract of candidate dissertation). Almaty. (In Russian)
- Aldabergenova, G. D. (1999). *Issledovanie vliyaniya bilingvizma na razvitie lichnosti detei* [A study of the influence of bilingualism on the development of children's personality] (Abstract of candidate dissertation). Almaty. (In Russian)
- Altynbekova, O. B. (2006). *Etnoyazykovye protsessy v Kazakhstane* [Ethnolinguistic processes in Kazakhstan]. Almaty: Ekonomika. (In Russian)
- Birdsong, D., Gertken, L. M., & Amengual, M. (2012). *Bilingual Language Profile: An easy-to-use instrument to assess bilingualism*. COERLL, University of Texas at Austin. <https://blp.coerll.utexas.edu/>
- Cambridge Dictionary. (n.d.). *First language*. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/first-language>
- Field, J. (2012). *Psycholinguistics: The key concepts*. London & New York: Routledge.
- Grosjean, F. (1982). *Life with two languages: An introduction to bilingualism*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Ibrayeva, Zh. K., & Nabiyeva, G. S. (2021). *Cubordinativti bilingvizm zhaǵdaiyndaǵy tildik bāsekelestik* [Language competition under subordinate bilingualism]. *Abai atyndaǵy Qazaq ūltyq pedagogikalyq universiteti Khabarshy. "Filologiya ǵylymdary" seriiasy*, 1(75), 83–90. (In Kazakh)
- Ibrayeva, Zh. K., & Zhaksylykyzy, K. (2021). The role of neurolinguistic research in the study of bilingualism. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriya "Filologicheskie nauki"* [Bulletin of Kazakh National University. Philological Sciences Series], 1(75), 67–73. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.11> (In Russian)
- Kambatyrova, A. (2024). Parents' language ideologies in the context of trilingual education policy in Kazakhstan. *International Journal of Multilingualism*, 21(3), 1201–1217. <https://doi.org/10.1080/14790718.2022.2153850>
- Karlinskiy, A. E. (1990). *Osnovy teorii vzaimodeistviya yazykov* [Foundations of the theory of language interaction]. Almaty: Gylym. (In Russian)
- Kenzhebekkyzy, M., & Ibrayeva, Zh. (2023). Formation of reading literacy in English lessons. *Izvestiya KazUMOiMYa imeni Abylaikhana. Seriya: "Filologicheskie nauki"* [Bulletin of Abylaikhan University. Philological Sciences Series], 4(71), 313–325. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.023> (In Russian)
- Khasanov, B. Kh. (1976). *Yazyki narodov Kazakhstana i ikh vzaimodeistvie* [Languages of the peoples of Kazakhstan and their interaction]. Alma-Ata: Nauka KazSSR. (In Russian)
- Kurmanbek, Y., & Ibrayeva, Zh. (2021). Analysis of the scientific text in psycholinguistics: An overview and some preliminary findings. *Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya* [Bulletin of KazNU. Philological Series], 2(181), 49–56. (In Russian)
- Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, National Academy of Education named after I. Altynsarin. (2017). *Edinyi yazykovoi standart obucheniya trem yazykam* [Unified language standard for teaching three languages]. https://school.muscomplexpavl.edu.kz/download/metod_help_teacher/edin_languege_standart.pdf (In Russian)
- Merriam-Webster Dictionary. (n.d.). *Second language*. <https://www.merriam-webster.com/dictionary/second%20language>
- Oxford Learner's Dictionaries. (n.d.). *Second language*. <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/second-language>
- Paradis, M. (1986). Foreword. In J. Vaid (Ed.), *Language processing in bilinguals: Psycholinguistic and neurolinguistic perspectives*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Sarmurzin, Y., Amanzhol, N., Toleubayeva, K., et al. (2024). Challenging aspects of Kazakhstan's trilingual education policy: Evidence from a literature review. *Asia Pacific Education Review*, 25, 801–811. <https://doi.org/10.1007/s12564-023-09823-7>
- Shayakhmetova, A. K. (2004). *O sootnoshenii yazykov v detskom dvuyazychii* [On the correlation of languages in child bilingualism]. In *Detskaya rech kak predmet lingvisticheskogo issledovaniya: Materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii* [Child speech as a subject of linguistic research: Proceedings of the international scientific conference] (pp. 67–79). St. Petersburg. (In Russian)

- Shaybakova, D. M., Protasova, E. Yu., & Dzhundubaeva, A. A. (2020). *Plyuritsentricheskie yazyki v issledovatel'skikh modelyakh* [Pluricentric languages in research models]. Almaty: Ulagat. (In Russian)
- Smagulova, J. (2008). Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 11(3–4), 440–475. <https://doi.org/10.1080/13670050802148798>
- Suleimenova, E. D., Altynbekova, O. B., Ibraeva, Zh. K., Madieva, G. B., & Akberdi, M. I. (2010). *Dinamika yazykovoi situatsii* [Dynamics of the language situation]. Almaty. (In Russian)
- Suleimenova, E. D., & Smagulova, Zh. S. (2005). *Yazykovaya situatsiya i yazykovoie planirovanie v Kazakhstane* [Language situation and language planning in Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Russian)
- Vinnitskaya, I. M. (1999). *Psikholingvisticheskiy analiz usvoeniya glagolnykh form (na materiale detskoj rechi)* [Psycholinguistic analysis of the acquisition of verb forms based on child speech] (Abstract of candidate dissertation). Almaty. (In Russian)
- Zhaksylykkyzy, K., Ibrayeva, Z. K., Kustubayeva, A. M., Roehm, D., & Zholdassova, M. (2026). Processing effects of L1/L2 from L3 in translation recognition paradigm: An exploratory ERP study. *Frontiers in Psychology*, 16, 1710959. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1710959>
- Zhakupova, A. D., Anishchenko, O. A., & Temirova, Zh. G. (2024). *Issledovanie motivatsionnoi refleksii detei-monolingvov i detei-bilingvov Kazakhstana (na materiale dannykh psikholingvisticheskogo eksperimenta)* [A study of motivational reflection in monolingual and bilingual children of Kazakhstan based on psycholinguistic experiment data]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologiya* [Tomsk State University Journal of Philology], 88, 48–75. <https://doi.org/10.17223/19986645/88/3> (In Russian)
- Zharkynbekova, Sh. K. (2017). *Yazykovye reformy i mezhkulturnye transformatsii v poliyazychnom prostranstve Respubliki Kazakhstan* [Language reforms and intercultural transformations in the multilingual space of the Republic of Kazakhstan]. *Polilingvialnost i transkulturnye praktiki* [Multilingualism and Transcultural Practices], 14(2), 246–252. (In Russian)
- Zharkynbekova, Sh. K., & Chernyavskaya, V. E. (2022). *Kazakhsko-russkaya bilingvalnaya praktika: smeshenie koda kak resurs v kommunikativnom vzaimodeistvii* [Kazakh-Russian bilingual practice: Code-mixing as a resource in communicative interaction]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriya yazyka. Semiotika. Semantika* [RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics], 13(2), 468–482. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2022-13-2-468-482> (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраева Жанар Кулматовна – филология ғылымдарының докторы, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com).

Кустубаева Альмира Мелсовна – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: almirakustubaeva@kaznu.edu.kz).

Нәбиева Гүлназ Серікқызы (корреспонденттік автор) – PhD докторант, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com).

Уильям Патрик Риверс – PhD, Америкалық кеңестердің зерттеу орталығы, Халықаралық білім беру бойынша Америкалық кеңестер (Вашингтон, АҚШ, e-mail: william.p.rivers@gmail.com).

Information about the authors:

Ibrayeva Zhanar – Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com).

Kustubayeva Almira – Candidate of Biological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: almirakustubaeva@kaznu.edu.kz).

Nabiyeva Gulnaz (corresponding author) – PhD student, senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com).

William Patrick Rivers – PhD, American Councils Research Center, American Councils for International Education (Washington, USA, e-mail: william.p.rivers@gmail.com).

Сведения об авторах:

Ибраева Жанар Кулматовна – доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com).

Кустубаева Альмира Мелсовна – кандидат биологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: almirakustubaeva@kaznu.edu.kz).

Нәбиева Гүлназ Сериковна (автор для корреспонденции) – PhD докторант, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnaznabyeva1@gmail.com).

Уильям Патрик Риверс – PhD, Исследовательский центр Американских советов, Американские советы по международному образованию (Вашингтон, США, e-mail: william.p.rivers@gmail.com).

Келін түсті: 2 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 7 маусым 2026 жыл